

№9- тәжірибелік сабақ: Халықаралық ұйымдардың мәні және түрлері

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Халықаралық саясатта халықаралық ұйымдардың жұмыс істеуі және маңызын түсіндіре алады. Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қырғи қабақ соғыстың халықаралық ұйымдардың пайда болуыда және дамуындағы ролін түсіндіре алады. Халықаралық ұйымдардың тарихи өткенін тек қана конъюнктурлық шарттардың философиялық пікірлерін зерделей алады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Студенттер актор мәселесі, халықаралық ұйымдар, индивид, ТНК, саяси сипатты үкіметтер радикал ұйымдар, Ұлттар Лигасы, БҰҰ, ЕО, НАТО, Вудро Вилсон, КСРО I.Дүниежүзілік соғысы, II.Дүниежүзілік соғысы секілді тақырыптардың жай- жапсаырын түсіне алады.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Қазіргі таңда жиырма мыңға жуық ұйым өз қызметін атқарып келеді. Халықаралық ұйымдар санының осыншама күрт өсуі, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Оған дейін елуге жуық қана тұрақты түрде қызмет атқаратын ұйымдар болған. Халықаралық ұйымдардың беделі сан жағынан күрт өсуіне мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, сауда-саттық және мәдени қатынастарының кеңеюі орасан зор әсер етті. Ең алғашқы құрылған халықаралық ұйым қатарына «Жер өлшеуші халықаралық ұйымын» (1864 ж), «Дүниежүзілік почта одағы» (1874 ж), «Әдебиет және өнер шығармаларына меншікті қорғау халықаралық одағы» (1886 ж) мен «Құлдыққа қарсы халықаралық одақты» (1890 ж) жатқызуға болады.

Қазіргі таңда құрылған халықаралық ұйымдардың өздеріне тән белгілері бар. Бұл белгілерді төмендегідей атап өтуге болады:

- әр халықаралық ұйым көпжақты келісім шарт негізінде құрылады. Бұл көпжақты келісім шарт ұйымдарының халықаралық құқық нормаларына сай заңды түрде іс атқарғандығын дәлелдейді;

- халықаралық ұйымдар белгілі бір мақсатта құрылуы тиіс. Бұл мақсат саяси, экономикалық, әскери, ғылыми немесе мәдени т.б. болуы мүмкін;

- халықаралық ұйымдардың өз құрамында тұрақты органдары болуы қажет. Бұл органдар ұйымның мақсатына сай құрылып, іс атқарады;

- ұйымдар халықаралық құқық нормаларына қайшы ешқандай бағыт немесе мақсат ұстанбауы тиіс. Себебі халықаралық ұйымдар, халықаралық құқық нормаларына қайшы бағыт ұстанатын жағдайда, мемлекеттер арасындағы жанжалдарға жол ашуы әбден мүмкін. Бұл жағдай дүниежүзіндегі саяси тұрақсыздыққа әкеліп соқтырады. Халықаралық деңгейде саяси тұрақсыздыққа жол ашпау үшін, мемлекеттер өзара келіспеушілік мәселелерін дипломатиялық тәсілдер арқылы (бейбіт жолмен) шешуді жөн көреді.

Жоғарыда аталмыш белгілерді негізге ала отырып, халықаралық ұйымдарға мына түсініктемені беруге болады: Халықаралық ұйым деп халықаралық құқық субъектісі бар және тұрақты органдардан тұратын, халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін мақсаттарды орындау үшін көпжақты келісім негізінде құрылған мемлекеттердің халықаралық бірлестігін айтамыз.

Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесі шеңберінде құрылған ұйымдар **үкіметаралық және үкіметтік емес** болып екі категорияға жіктеледі.

Үкіметаралық ұйым дегеніміз, бірнеше мемлекеттің біраға келіп ортақ саяси, экономикалық, әскери, мәдени, т.б. мүддені көздейтін ынтымақтастық негізінде құрылған халықаралық бірлестіктер болып табылады. Яғни үкіметаралық ұйымдардағы келісім шарттар мемлекеттік деңгейде қабылданады.

Үкіметтік емес ұйымдар болса, мемлекеттік билікке ұмтылмай, кәсіби ерекшелікпен шектелмейтін ашық коммерциялық емес ұйым болып есептеледі. Сондықтан үкіметтік

емес ұйымдарға кәсіподақтар мен саяси партиялар жатпайды. Бұған қоса үкіметтік емес ұйымдар алдарына нақты, қоғамдық маңызы бар мақсаттар мен міндеттер қояды және өз қызметтеріне соларға сүйенеді. Қысқасы үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік деңгейде құрылмағанымен, олардың қызметтеріне мемлекет ешқандай кедергі жасайды. Мысал ретінде айта кететін болсақ, біріншісіне «Шанхай ынтымақтастық ұйымын», ал екіншісіне «ЮНИСЕФ-ті» жатқызуға болады.

Айта кететін жайт, үкіметаралық ұйымдар өздерінің алға қойған мақсаттары мен міндеттерін орындау бағытында ғаламдық және аймақтық болып екі категорияға да жіктеледі.

Ғаламдық үкіметаралық ұйым дегеніміз, дүниежүзіндегі мемлекеттердің басым көпшілігін біріктіретін халықаралық бірлестік болып табылады. Бұндай ұйымдар өз алдына ғаламдық мақсаттар қояды. Қазіргі таңда осындай ұйымдардың ішінде ең беделдісі-Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ). БҰҰ-да қабылданған шешімдер ғаламдық деңгейде барлық мемлекеттерді қамтиды.

XXI ғасырда бұдан да басқа талаптарды туғызатын әр елдің заңды мүддесімен есептесіп, өзара пайдалы ынтымақтастыққа қол жеткізу ешқандай озбырлықсыз қатынастарды қалыптастыру-адамзаттың алдында-ғы басты мақсат. Оны қамтамасыз етуде Біріккен Ұлттар Ұйымының алатын орны ерекше.

50 жылдан астам уақытта ол шамасы келгенше халықаралық бейбітшілікті сақтауға, езілген халықтардың бостандыққа жетуіне көмектескені белгілі. Жедел және тоқтаусыз өзгеріп отырған әлем халықтарының тілек-талабына сай БҰҰ-ның да жаңартылуы қажет.

Көптеген елдер мен оның қауіпсіздік Кеңесінің құрамын кеңейтуді, әсіресе тең құқылы мемлекеттер санын көбейту арқылы, оның Германия, Жапонияны, Үндістанды, Бразилияны, Нигерияны енгізу туралы ұсыныстар жасауда. Дегенімен БҰҰ-мен санаспай, түйінді мәселелерді шағын топпен қара күшке сүйене отырып шешпек болған қимылдар да орын алуда.

БҰҰ-ның жаһандық саясаттағы ролін анықтау үшін алдын халықаралық ұйым түсінігін сипаттайық.

Қазіргі таңда жиырма мыңға жуық ұйым өз қызметін атқарып келеді. Халықаралық ұйымдар санының осыншама күрт өсуі, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Оған дейін елуге жуық қана тұрақты түрде қызмет атқаратын ұйымдар болған. Халықаралық ұйымдардың беделі сан жағынан күрт өсуіне мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, сауда-саттық және мәдени қатынастарының кеңеюі орасан зор әсер етті.

Саясат мәнін ұғыну үшін халықаралық саясат бағыттарын, оның қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын білу маңызды. Сондықтан саясаттану пәні студенттердің жаһандық саясат туралы кең көлемде түсінігін қалыптастыру зәрулік деп біледі. Себебі, халықтар мен мемлекеттердің тарихи тағдырлары бір-біріне байланысты және тәуелді. Олардың өзара қатынастары мемлекетаралық деңгейде, халықаралық ұйымдар арқылы, трансұлттық корпорациялар, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар т.б. жаһандық саяси процесс субъектілері арқылы өтеді. Жаһандық саясат акторлары қызметтері адамзаттың сақталуы мен өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейді.

Әлем мемлекеттерінің жаһандық мәселелерді шешуге қатынасуы жолдары БҰҰ, ЕЫҚҰ, ШЫҰ, БСҰ сияқты халықаралық ұйымдар арқылы жүргізілсе, әлем халықтары жаһандық қауіптерге қарсы халықаралық азаматтық ұйымдар Гринпис, Халықаралық Қызыл Крест, Шекарасыз дәрігерлер, феминистік, гендерлік ұйымдар қызметтері арқылы жүргізілуде. Мемлекеттер мен халықтар жаһандық мәселелерді бірлесіп шешу мақсатында жаһандық қауымдастық құрып отыр. «Жаһандық қауымдастығы» ұғымын алғаш рет ресми түрде 1969 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзінде АҚШ Президенті Ричард Никсон қолдаған.

Қазіргі жаһандық саясатқа қатынасатын негізгі акторлар: егеменді мемлекеттер, мемлекетаралық ұйымдар, халықаралық үкіметтік, немесе үкіметтік емес ұйымдар болып

табылады. Сонымен қатар қазіргі халықаралық қатынастардың белсенді акторлары, яғни қатысушылары түрлі мемлекеттер блоктары (НАТО, ОДКБ, СЕАТО, СЕНТО, АНЗЮС), интеграциялық топтар (ЕО, ТМД) мемлекетаралық бірлестіктер (ШЫҰ, БРИК) т.б. халықаралық ұйымдар өздерінің мақсаттары мен тәуелсіздіктерін сақтай отырып жаһандық саясатқа қатысады және жаһандық мәселердің шешілуіне ат салысады.

Мемлекеттің шеңберінен тыс мәселелерді сол елдің сыртқы саясаты шешеді, айналысады. Қазіргі өзара байланыстағы дүниеде ұлттық мемлекеттер жаһандық қатынастарда өздерінің мүдделерін қорғау мақсатында басқа мемлекеттермен тығыз қарым-қатынастар жасау саясатын жүргізеді. Ол саясат арқылы экономикалық, сауда, ғылыми-техникалық, ақпарат т.б. салалардағы байланыстар жүреді. Сонымен бірге, жаһандық қатынастарды реттеп отыратын бір жеке орталық жоқ. Барлық мемлекеттерді байланыстыратын жаһандық саясатты жасаушыда орталық жоқ. Жаһандық саясат мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарынан стихиялы түрде қалыптасқан құбылыс. Жаһандық саясат принциптерін негізінен тең құқықтағы мемлекеттер өзара қарым-қатынастары барысында жасайды. Бірақта, мемлекеттердің қатынастары әр-түрлі. Елдің ішкі жағдайындағы сияқты жаһандық саясатқа мүдделер мен күштердің қайшылықтары ерекше ықпал жасайды. Жаһандық тәртіптер мемлекеттердің ғана емес жеке адамдардың өмірі мен тағдырына өзінің әсерін тигізіп отырады. Жеке адам жаһандық қауіптердің құрбаны болуы ықтимал. Сонымен қатар ол жаһандық ақпараттық жүйелердің өнімдерін міндетті түрде пайдаланып отырады. Демек жаһандық саясат пен жаһандық тәртіптержеке тұлғаның өмірінде белгілі дәрежедегі ықпалға ие.

Қазіргі жаһандық саясаттың түрлі деңгейлері макро, мего, микро деңгейлері өзара байланысып біріне – бірі күшті ықпал жасап отырды.

Ұлттық мемлекеттер шеңберінен тысқары жүргізілетін, жаһандық мәселелерді реттеуге, немесе оларға ықпал етуді мақсат тұтатын саясат келесідей категориялардан тұрады.

1. Сыртқы саясат – мемлекеттің, немесе жеке халықтың сыртқы саладағы қызметі. Бұл саясат мемлекеттің басқа мемлекеттермен байланыс жасау, немесе жасамау деңгейін сипаттайды. Сыртқы саясат мемлекеттің өмір сүруіне қолайлы сыртқы жағдайларды жасауды көздейді. Жаһандық қауымдастықтан ұлттық мемлекеттің орнын табуына ықпал етеді.

2. Халықаралық саясат – мемлекеттердің халықаралық аренада бірлескен қызметі болып табылады. Саясаттың бұл саласы мемлекеттерді оларға ортақ мәселелерді бірлесіп, келісімдер арқылы шешу жолдарын көрсетеді. Халықаралық саясаттың елдер мен халықтар арасындағы өзара тәуелділіктің, шешімін табу үшін халықаралық әріптестікті талап ететін мәселелердің көбеюіне байланысты маңызды арта түседі.

3. Мемлекетаралық саясат – жекелеген мемлекеттердің арасындағы қатынастар жүйесін белгілейді. Бұл саясат мемлекеттердің органдарының, қызметтерінің және өкілдерінің (президент, парламент, үкімет, сыртқы істер министрілігі, кеден т.б.) екі мемлекетке ортақ мәселелерін өзара келісіп шешулерінің жолдарын анықтайды.

4. Ұлттық мемлекет үстіндегі саясат (наднациональная политика) – жекелеген мемлекеттердің өздерінің кейбір егеменді құқықтарын өз еріктерімен халықаралық ұйымдарға беруімен сипатталады. Мысалы, мұнай бағасын халықаралық нарықта реттеу құқығы. Сыртқы, жаһандық саясаттың бұл бағыты Қазақстандық саясаттану ғылымында әлі зерттелген жоқ

5. Мультиұлттық саясат- бірнеше, немесе одан көп мемлекеттерден құралған біріккен саясат субъектілерінің халықаралық қатынастарға ықпал етуі (ЕЫҚҰ, ЕО, ШЫҰ, БРИК). Бұл саясаттың субъектілері ұлттық мемлекеттер болып табылады.

6. Трансұлттық саясат – мемлекеттік емес саясат акторлары мен субъектілерінің: партиялар, кәсіподақтар, жаһандық діндердің ұйымдары, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық корпорациялардың т.б. халықаралық аренада қызмет етуі.

Аталған категориялардың барлығы әлемдік, немесе халықаралық саясат ұғымының түрлі

аспектілерін, қырларын көрсетеді. Ал, әлемдік, халықаралық саясат ұғымына келетін болсақ бұл ұғым халықаралық құқық субъектілерінің (мемлекеттер, мемлекетаралық және мемлекеттік емес ұйымдар, одақтар, діни ұйымдар, трансұлттық ұйымдар мен корпорациялар т.б.) соғыс және бейбітшілік, адамзаттың сақталуы, жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қарусыздану, ұлттық, аймақтық, жаһандық қайшылықтардың алдын алу және реттеу, қоршаған ортаны сақтау, аштық пен ауруларды азайту және басқа да жаһандық қайшылықтарды шеше отырып адамзат үшін әлемде неғұрлым әділетті тәртіптер орнатуға бағытталған мақсатты қызметін көрсетеді.

Әлемдік, немесе халықаралық саясат – халықаралық қатынастардың негізгі субъектілерінің бірлескен саяси қызметі болып табылады. Жаһандық саясат мәні мен мазмұны БҰҰ, ЕО, ЕЫҚҰ, АМҰ (американ мемлекеттерінің ұйымы), АМҰ (африкандық мемлекеттер ұйымы) Социалистік интернационал, Гринпис т.с.с. ұйымдардың қызметтерімен анықталады. Сонымен қатар жаһандық қауымдастық бірігіп жасаған заңды органдар мен ұйымдардың қызметтері арқылы жаһандық саясат іске асады. Әлем мемлекеттерінің өзара қарым-қатынастар жасаудың принциптері мен жолдарын анықтайтын жаһандық саясат халықаралық қатынастарды реттеудегі шешуші фактор болып табылады.

Адамзат пайда болған кезден бастап адамдар алдында тұрған мәселелерді шешудің балама әдістері қажет болды. Бұл әдістердің мемлекеттерді біріктіретін және оларды басқаратын және бейбітшілікті сақтайтын құрылымда болуын қамтамасыз ету үшін қамқорлық жасалды. Халықаралық ұйымдар да қазіргі әлемде бейбітшілікке жету әдісі ретінде маңызды бола бастады және мемлекеттер тарапынан тез қабылданады. Олардың саны тез өсіп келе жатқанымен және әрбір мемлекет дерлік ұйымның мүшесі болса да, мемлекеттерге санкциялық күші бар ұйымдардың саны әлі де өте аз. Бұл жағдай мемлекеттердің өз егемендігін жоғары мекемеге беруге қызғанышпен қарайтынын немесе оны бақылауда ұстауға тырысатынын көрсетеді. Мемлекеттердің протекционистік көзқарастары халықаралық ұйымдарды мемлекеттен жоғары құрылымға айналдыра алмады. Осы себепті, ұйымдардың проблемаларды шешу мүмкіндіктері күн сайын пікірталасқа айналды. Жаһандық мәселелерге қарсы халықаралық ұйымдардың қалыс қалуы мен даулы шешімдері бұл құрылымдардың проблемаларды шешуде жеткілікті тиімді еместігін көрсетеді. Ұйымдарға қарсы пікірталастардың саны мен қарқындылығы күннен-күнге артып келе жатқанымен, мемлекеттер үшін бұл ұйымдарды қолдаудан басқа шешім жоқ. Қазіргі әлемнің мәселелерін шешу мүмкіндігі әлі де осы ұйымдардың қолында. Әйтпесе, пайда болатын зорлық-зомбылық ортасының адамзатты жою мүмкіндігі бар. Ықтимал соғыс әкелетін жойқын халықаралық ұйымдардың дилемма шешімдерінен гөрі тереңірек із қалдыруы мүмкін. Осы себепті мемлекеттер өз мәселелеріне ортақ шешімдер шығаратын балама жүйелерді дамытпайынша немесе мемлекеттерден басқа балама жүйелер бүкіл әлемде белсенді түрде жұмыс істемейінше, халықаралық ұйымдар өмір сүре береді.

Деңгейлік тапсырмалар:

1-деңгейдің сұрақтары

БҰҰ: пайда болуы, құрылымы және принциптері. Халықаралық ұйымдардағы мүшелердің ортақ белгілерін түсіндіріңіз.

Мәселелерді шешу үшін БҰҰ Жарғысында қарастырылған бейбіт және мәжбүрлеу шараларын түсіндіріңіз.

ЕО-ны жаңарту және дамыту бойынша күш-жігерді түсіндіріңіз.

Түркия үшін НАТО мүшелігінің үш маңызды мақсатын түсіндіріңіз.

БҰҰ: пайда болуы, құрылымы және принциптері.

БҰҰ басқарушы органдарын атаңыз?

БҰҰ құру туралы шешім қашан және қайда қабылданды?

БҰҰ реформалаудың негізгі бағыттары сізге қалай көрінеді?

2-деңгейдің сұрақтары

БҰҰ басқарушы органдарын атаңыз?

3-деңгейдің сұрақтары

БҰҰ құру туралы шешім қашан және қайда қабылданды?

БҰҰ реформалаудың негізгі бағыттары сізге қалай көрінеді?

БӨЖ тапсырмасы: БҰҰ уставын талдау.

ОБӨЖ тапсырмасы: Халықаралық қатынастардағы мәселелерді реттеудегі халықаралық ұйымдардың ролі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л. 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Vııottı, M. V. Kauppi. 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014, 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar